САЙЛАУШЫЛАР ТІЛЕГІН ТЫҢДАДЫ

4-БЕТ | МӘСЛИХАТҚА – 30 ЖЫЛ



ҒАСЫР ҚАСІРЕТІНЕН ҚҰТҚАРҒАН ҚАДАМ

8-БЕТ | ҚОҒАМ

«АБАЙ-ТОҒЖАНМЕН» АШЫЛАДЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ата заң – мемлекеттілігіміздің мызғымас тірегі әрі еліміздің саяси және қоғамдық құрылысын, айнымас құндылықтары мен даму жолындағы стратегиялық бағыт-бағдарын айқындайтын басты құжатымыз. Жалпыұлттық референдум арқылы жаңартылған Конституциямыз ұлтты ұйыстырудың нағыз символына айналды. Сондай-ақ негізгі заңымыз елдің саяси жүйесін демократияландыруды, заң үстемдігін қамтамасыз етуді және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін ауқымды өзгерістердің берік тұғыры саналады.

№103-104
(4692)
Бейсенбі
29 тамыз
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Президент шетелдік спортшыларға азаматтық беріп, ел атынан додаға қосу тәжірибесін дағару керек екенін айтты.

Спорттық қауымдастықтар мықты спортшыларды іріктеп, кәсіби тұрғыдан өсірудің оңтайлы жолын таппай келеді. Соның салдарынан нағыз дарынды жастар көзге ілінбей, жолы ашылмай қалады. Сондықтан ел ішіндегі түрлі жарыстарда әділдік болуын қамтамасыз ету керек. Мемлекет басшысы қазіргі жағдайға қарағанда, спорт функционерлері саланы дамытумен емес, миллиардтаған бюджет қаржысын игерумен әлектенгенін ашық айтты.

Президент осы саладағы ең түйткілді мәселелерді батыл айтып, шешілу жолдарын ұсынды.

2

28 МЫҢ БАЛА 1-СЫНЫПҚА БАРАДЫ

1 қыркүйек – Білім күні елімізде жаңа оқу жылы басталады. Айтулы күні Астанадағы жалпы білім беретін 110 мемлекеттік, 70 жекеменшік және 7 республикалық мектепте алғашқы қоңырау салтанаты өтеді.

Елордалық білім беру ұйымдарында жалпы 282 150 оқушы білім алатын болады. Биыл бас қалада 28 мыңнан астам бала 1-сыныптың табалдырығын Әнұран айтып аттайды. Жаңашылдықтары көп жаңа оқу жылында 24 «Жайлы мектеп» салынады. Жыл соңына дейін 21 мектеп ашылады.

5

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймын!

Конституция – біздің мемлекеттілігіміздің басты тұғыры, халқымыздың бірлігі мен дамуының символы. Ол әр азаматтың құқығы мен бостандығын белгілейді, әрі еліміздегі әділеттілік пен құқықтық тәртіптің кепілі саналады. Бүгін осы маңызды күнді атап өту арқылы құндылықтарымызға құрмет танытамыз: бейбітшілік, тұрақтылық, заңдылық және әр адамның құқығын құрметтеу.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – бізді жарқын болашаққа ұмтылуда алға жетелейтін құжат. Ол бізге әлеуетімізді жүзеге асыруда және даму жолында үлкен мүмкіндіктер ашады, сол сияқты ел игілігі жолында атқаратын ісімізге бағыт-бағдар береді.

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және бастамаларыңызға сәттілік тілеймін! Әрбір күн сіздерге қуаныш пен жаңа жетістіктерге толы болсын! Ал еліміз өз азаматтарының игілігі үшін дамып, өркендей берсін! Конституция күні құтты болсын!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

№103-104 (4692) 29/08/2024 Бейсенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ОЛИМПИАДА ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ТҰТАС ЕЛДІҢ ТІЛЕГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жиынға қатысушы спортшылар мен бапкерлерді Париж Олимпиадасындағы жетістіктерімен құттықтап, әрбір жеңіс зор ерік-жігер мен қажырлы еңбектің жемісі екеніне назар аударды.

ЕЛДОСТЫҢ ЖЕҢІСІ ЖІГЕР БЕРДІ

Мемлекет басшысы, ең алдымен, Олимпиада чемпионы Елдос Сметовтің жеңісіне ерекше тоқталды. «Ол байрақты бәсекенің алғашқы күндері Жақсылық Үшкемпіровтің даңқты жолын жалғады. Ел тарихында тұңғыш рет дзюдодан Олимпиаданың алтын медалін алды. Елдос бауырым, сен Олимпиадаға аттанар алдында маған және барлық спорт жанкүйерлеріне бар күш-жігерімді жеңіске жету үшін жұмсаймын деп уәде бердің. Сөзіңде тұрдың. Нағыз жігітсің! Біз бәріміз сені мақтан тұтамыз. Шын мәнінде, қатарынан үш рет Олимпиада жүлдегері атану – нағыз чемпионның қолынан келетін ерлік. Сенің жеңісті жолың спортшыларымызға жігер берді, барша халқымызды қуанышқа бөледі» деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев төртжылдықтың додасынан жүлдемен оралған өзге спортшыларға, бапкерлер мен атлеттерді дайындауға үлес қосқан азаматтарға алғыс айтты. «Нариман Құрбановтың күміс жүлдесін тарихи жетістік деуге болады. Гимнастика шеберлері тұңғыш рет Олимпиада биігін бағындырып отыр. Демеу Жадыраев пен Нұрбек Оралбай тамаша өнер көрсетті. Мергендеріміз Александра Ле мен Ислам Сәтбаев нысана көздеуден қола медаль алды. Бұл – 28 жылдан бері еліміздің осы спорт түрінен алған алғашқы жүлдесі. Балуан Ғұсман Қырғызбаев пен боксшы Назым Қызайбай жүлдегерлер қатарына қосылды. Жалпы барлық мемлекет Олимпиадаға ең мықты спортшыларын жібереді. Шын мәнінде, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығып, әлемдік бәсекеде жеңіске жету оңай емес. Мұндай жаһандық додада ел қоржынына түскен әр медальдің орны айрықша. Сондықтан бүгін мен Олимпиада жүлдесіне ие болған барша спортшыларымызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Жеңіс жолында спортшы ғана емес, сол саланың көптеген мамандары да тер төгеді. Мен бапкерлерге, спортшыларды дайындауға үлес қосқан басқа да кәсіп иелеріне алғыс айтамын. Ұлттық Олимпиада комитетінің басшылары жұмысқа жаңа серпін беріп, халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін маңызды қадам жасады. Жауапты сәттерде спортшыларымыздың қасында болып, қолдау көрсетті. Ұлттық Олимпиада комитеті бастаған істі жалғастырып, алдағы уақытта нақты нәтижеге жетеді деп ойлаймын» деді Мемлекет басшысы.

ОЛИМПИАДАЛЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАЙМЫЗ

Президенттің айтуынша, Париждегі бәсеке олимпиадалық спорт түрлерін одан әрі қолдау маңызды екенін көрсетті. Өйткені кейбір спортшыларымыз жеңіс тұғырына қолсозым жерден тоқтады, үздік ондықтан көрінді. Бұл олардың шеберлігін әрі жеңіске деген ерік-жігерін байқатады. Әйтсе де, Мемлекет басшысының пікірінше, кәсіби спортта шешімін күткен түйткілді мәселелер де баршылық.

«Мемлекет ең жоғары деңгейдегі спортшыларды дайындауға жеткілікті мөлшерде қаржы бөледі. Сондықтан жұртшылықтың халықаралық жарыстарда кейбір спорт түрлерінен жүлде күтуі – заңдылық. Салалық ведомство спорттың олимпиадалық түрлерін дамыту ісінде кеткен жүйелі қателіктерді егжей-тегжейлі талдауға тиіс. Кешенді реформа жасайтын уақыт келді. Ал оны жүзеге асыру үшін құзыретті министрлік, Ұлттық олимпиада комитеті және спорт федерациялары үйлесімді әрекет етуі керек. Спортта әділ бәсекелестік рухы салтанат құруы қажет. Жемқорлықпен табанды түрде күресіп, жоғары нәтижеге қол жеткізуге кедергі келтіретін протекционизм секілді факторлардан іргені аулақ салған жөн» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БАЛАЛАР СПОРТЫНА НАЗАР АУДАРЫЛАДЫ

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы бұқаралық, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер спортына баса мән беру қажет екенін айтты. «Бұл – өте маңызды міндет. Себебі бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз. Сондықтан мемлекет спорт инфрақұрылымын дамыту үшін тиісті қаражат бөлуде, яғни балалардың жастайынан алаңсыз спортпен шұғылдануына қажетті жағдайды жасап жатыр. Еліміздің аймақтарында 20 мыңнан астам спорт алаңдары жұмыс істеп тұр, 16 мыңнан аса арнайы кешендер мен залдар бар. Осы нысандардың барлығы толыққанды қызмет етуге тиіс және спортпен айналысамын деген әрбір адамға қолжетімді болуы керек. Барлық облыс орталығында және аудандарда футбол, бокс, күрес, баскетбол, волейбол, садақ ату, үстел теннисі, шахмат және тағы да басқа танымал спорт түрлерінің секциясы болуға тиіс. Бұл – әкімдердің міндеті. Ал Үкімет спорт нысандарының жұмыс тиімділігіне сараптама жүргізіп, осы мәселе бойынша тиісті шаралар қабылдағаны дұрыс» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев спорт резервін әзірлеу ісінде Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептері негізгі рөл атқаратынына назар аударып, олардың жұмысын жүйелеу жөнінде мәселе қозғады. «Елімізде 500-ден астам Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі бар. Бірақ олардың қызметінде түйткілді мәселелер аз емес. Осындай мектептердің бағдарламасына кірген 162 спорт түрінің тек 52-сі ғана олимпиадалық спорт түріне жатады. Сондықтан олимпиадалық спорт түрлерінің резервін толықтыратын қабілетті балалар жетіспейді, сайып келгенде, спорттағы жоғары жетістіктердің нәтижесі нашарлайды. Қаржының дұрыс бөлінбеуінен бюджет ақшасының басым бөлігі «желге ұшады» деді Президент.

МЫҚТЫ БАПКЕРЛЕР МЕКТЕБІН ЖАСАҚТАУ КЕРЕК

Бұл ретте Мемлекет басшысы спорт саласына жоғары білікті мамандарды тарту үшін барынша қолайлы жағдай жасау керек екенін атап өтті. «Өкінішке қарай, көптеген талантты бапкерлер өз елімізден қолдау таппай, шетел асып кетіп жатады. Олар сол жерге барып, жас спортшыларды тәрбиелейді, яғни, басқа мемлекеттің ұлттық құрама командаларын әлемдік додаларға дайындайды. Мысалы, осы Олимпиада ойындарында Тунис елінің тхэквондодан ұлттық құрамасы қазақ бапкері Есбол Сұлтановтың жетекшілігімен екі медаль жеңіп алды, оның біреуі – алтын медаль. Бапкерлерге жан-жақты қолдау көрсету шараларын қолға алу керек, әсіресе, олардың қоғамдағы әлеуметтік және кәсіби мәртебесін арттыру өте маңызды. Бір сөзбен, бізге мықты бапкерлер мектебін жасақтау қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЛЕГИОНЕР-СПОРТШЫЛАР АБЫРОЙЫМЫЗДЫ АСҚАҚТАТПАЙДЫ

Президент шетелдік спортшыларға азаматтық беріп, ел атынан додаға қосу тәжірибесін доғару керек екенін айтты. «Өйткені кез келген легионер ұлттық құрамаға шақырту алғысы келетін жас әрі болашағынан көп үміт күттіретін атлеттеріміздің жолын кеседі. Одан гөрі қазір бізде дамуы кенжелеп тұрған спорт түрлерінен мықты шетелдік бапкерлерді тарту мүмкіндігін қарастырған жөн. Легионер-спортшылардың жетістігі бүгін мерейінді өсіргенмен, ертең абыройыңды асқақтатпайды. Бұл жерде кәсіби бапкерге басымдық берген жөн» деді Мемлекет басшысы.

ОҚУ ОРНЫ БІЛІМ БЕРУМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев олимпиада резервін дайындайтын мектеп-интернаттар мен колледждерге жан-жақты қолдау көрсету керек екеніне назар аударды. «Мұндай оқу орындары барлық аймақта болуы қажет. Алматыда жаңа Олимпиадалық даярлық базасы салынды. Бұл біздің спортшыларымыздың жоғары деңгейде жаттығуына зор мүмкіндік береді. Қазір Астанада Ұлттық спорт университеті салынып жатыр. Оқу орны спорттық білім берумен шектелмейді. Онда заманауи зерттеу орталығы ашылады. Осының бәрі елімізде чемпиондардың жаңа буынын дайындап шығаруға жол ашатынына сенімдімін» деді Мемлекет басшысы.

ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БОЙЫНА СІҢІРУ КЕРЕК

Президент жас спортшыларды төл таным-түсінігімізге сай тәрбиелеп, олардың бойына дәстүрлі құндылықтарды сіңіру өте маңызды деп санайды.

«Ұлттың жаны – таза, санасы – сау болуға тиіс. Спортшылар, ең алдымен, спортпен шұғылдануы керек. Тағы бір міндет – спорт қауымдастықтарының тиімділігін арттыру. Олардың көбі мықты спортшыларды іріктеп, кәсіби тұрғыдан өсірудің оңтайлы жолын таппай келеді. Соның салдарынан нағыз дарынды жастар көзге ілінбей, жолы ашылмай қалады. Сондықтан ел ішіндегі түрлі жарыстарда әділдік болуын қамтамасыз ету керек. Спортшыларды іріктеу жұмыстары барынша ашық жүргізілуге тиіс. Сонымен қатар спортшыларды даярлаудың бірыңғай стандартын әзірлеп, заманауи әдістемелер негізінде бапкерлер мен төрешілердің біліктілігін арттыруға бағытталған шаралар қабылдау қажет. Спортшыларды сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз етуге федерациялар тарапынан жеткілікті көңіл бөлінбей жатқанына жиі шағым түседі. Бүкіл әлем спорт медицинасы кәсіби даярлықтың ажырамас бөлігі екенін мойындап отыр. Бұл – жоғары технологиялық сала. Инновациясыз, озық ғылыми ізденіссіз және жоғары білікті мамандарсыз іс өнбейді. Мемлекет қажет ресурсты бөліп отыр. Демеушілерден де қыруар қаржы түседі. Федерациялар соны мақсатқа сай жұмсауға тиіс. Республикалық федерациялардың қызметіне сараптама жүргізіп, қаржыландыру тәсілдерін қайта қарауды тапсырамын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТҮПКІ НӘТИЖЕГЕ БАСЫН АУЫРТПАЙДЫ

Мемлекет басшысының айтуынша, соңғы бес жылда жоғары жетістіктер спортына шығын екі есе өскен, бірақ соған лайық нәтиже жоқ. «Салалық министрлік, Ұлттық олимпиада комитеті, өңірлердегі спорт басқармалары мен федерациялардың жұмысында олқылық көп әрі өзара үйлесімді жұмыс жоқ деп санаймын. Қазіргі жағдайға қарағанда, спорт функционерлері саланы дамытумен емес, миллиардтаған бюджет қаржысын игерумен әлек. Олар түпкі нәтижеге бас ауыртпайды. Спорт саласында жемқорлық фактілері жиі кездеседі. Бұл тек отандық спорттың дамуына ғана емес, елдің абырой-беделіне нұқсан келтіреді. Мұндайға жол беруге болмайды!» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Президент бүгінде әр өңір қандай спортты қолдайтыны туралы шешімді өз бетінше қабылдайтынын сынға алды. Үкіметке жағдайды бақылауға алып, спортқа қатысты мекемелердің барлық деңгейіндегі басқару вертикалін қалпына келтіру жөнінде тапсырма берді. Сонымен қатар еліміздің спорт қауымдастығы мен шетелдерде Ұлттық олимпиада комитетінің беделін көтеру туралы міндет жүктеді.

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ДОСТЫҚТЫ НЫҒАЙТАДЫ

Мемлекет басшысы ұлттық спорт түрлерін дамытуға ерекше мән беріліп жатқанына назар аударып, елімізде өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының мән-маңызына тоқталды. «Бұл сайыс арқылы біз, ең алдымен, төл өркениетіміздің тамыры терең тарихын жержаһанға паш етеміз. Сондай-ақ дүбірлі дода түрлі елдердің достығын нығайтатын маңызды қадам болмақ. Көшпенділер ойындары экологияны сақтау, Қазақстанды жасыл елге айналдыру және абаттандыру тақырыбын көтеруге жақсы мүмкіндік береді. Олимпиада кезінде түбі бір түркі жұрты өзара тілектестік пен жанашырлықтың шынайы үлгісін көрсетті. Спортшылар да, жанкүйерлер де көрші елдердің әрбір жеңісіне шын жүректен қуанды. Бір-біріне қолдау білдіріп, қажет болса көмектерін де аяған жоқ. Тіпті, балуандарымыз жеңіс тұғырына туған бауырлар сияқты бірге көтерілді. Халықтар арасындағы риясыз достық дегеніміз – осы! Бұл – шын мәнінде, баға жетпес байлық. Біз барлық салада бір-бірімізге тілектеспіз. Көшпенділер ойындары бауырлас елдердің осындай мызғымас бірлігін бекемдей түспек. Сондықтан оны жоғары деңгейде ұйымдастыруымыз керек» деді Президент.

БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ – ОЗЫҚ ЕЛ БОЛУ

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, біз үшін бұқаралық спортқа жүйелі қолдау көрсету, жан-жақты дамыған, салауатты ұлт қалыптастыру маңызды екенін еске салды. «Біз осы мақсатта денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, білім, ғылым, мәдениет және спорт салаларында ауқымды реформалар жүргізіп жатырмыз. Сондықтан қалайда медаль алу – біздің жол емес. Бұған дейін жалған атақтың жетегіне еріп, түрлі қитұрқы әрекеттер жасалғаны бәрімізге мәлім. Соның нәтижесінде көптеген спортшы денсаулығынан айырылды. Олар спорттан біржолата кетті. Еліміздің абырой-беделіне нұқсан келді. Қазақстанға бір сәттік, алдамшы жетістіктер керек емес. Жұрттың біз туралы не ойлайтынына алаңдамай, төл болмыс-бітіміміздің сақтауымыз керек. Жан-жағымызға жалтақтамай, алға қарай батыл әрі жүйелі қадам басуымыз қажет. Кез келген нәрсеге бола салымыз суға кетіп, күніре бергеннен, күйзеліске түскеннен пайда жоқ. Бұл жөнінде мен бұған дейін де айтқан едім. Біздің мақсатымыз – баршаға айқын. Бұл – озық ел болу. Сондықтан біз бір ел, бір халық болып, тек алға қарай жүруіміз керек. Олимпиаданың ең басты құндылығы – медаль ғана емес. Жаһандық бәсеке кезінде тұтас еліміз өзара тілектес, ниеттес болды. Ең басты құндылық – осы» деді Мемлекет басшысы.

Президент Паралимпиада ойындарына қатысатын спортшыларымызға сәттілік тілеп, Париж Олимпиадасында ел намысын қорғаған спортшылар мен бапкерлерді мемлекеттік наградамен марапаттады.

Сонымен қатар салтанатты жиында Олимпиада чемпионы, дзюдошы Елдос Сметов, байрақты бәсекенің қола жүлдегерлері, мерген Александра Ле мен боксшы Назым Қызайбай сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді.

№103-104 (4692) 29/08/2024 Бейсенбі

ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің шұғыл отырысы өтті.

Жиында Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов және Бас прокурор Берік Асылов қазіргі халықаралық жағдайды ескере отырып, экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудің өзекті мәселелері жөнінде баяндады. Отырыс барысында құқық қорғау және арнайы органдар қызметінің терроризмге қарсы күресті күшейту бойынша түрлі аспектілері қарастырылды. Мемлекет басшысы ел азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын арттыруға бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

БҰҰ ӨКІЛІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, Қарусыздану мәселелері жөніндегі жоғарғы өкіл Изуми Накамицуды қабылдады. Кездесу барысында аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қарусыздану мен ядролық қаруды таратпау ісінде Қазақстанның БҰҰ институттарымен жан-жақты ықпалдастығының перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысының орынбасарына ілтипат білдіре отырып, Ұйым қазіргі заманның өзекті проблемаларын шешуде айрықша рөл атқаратынын және оның орнын ешқандай құрылым алмастыра алмайтынын атап өтті.

– Қазақстанның қарусыздану және жаппай қырып-жоятын қаруларды таратпау мәселесіне қатысты ұстанымы берік. Қазіргі әлемде болып жатқан оқиғалар тұрғысынан алғанда, бұл мәселелердің өзектілігі мен маңыздылығы арта түсті. Мұның алаңдаушылық туғызатыны сөзсіз. Ертең біз Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күнін атап өтеміз. Бұл – бүкіл адамзат баласына ядролық сынақтар жүргізудің әрі ядролық қаруды қолданудың қауіпті екенін еске салатын өте маңызды дата. Еліміз БҰҰ институттарымен тығыз байланыс орнатуға бейіл әрі Ұйымды баламасы жоқ, әмбебап халықаралық құрылым ретінде қарастырады, – деді Президент.

Өз кезегінде Изуми Накамицу Қазақстанның ядролық қаруды таратпау жөніндегі жаһандық үдерісте көшбасшылығын жоғары бағалады. Сондай-ақ еліміздің орта держава ретіндегі рөлі артып келе жатқанын ерекше атап өтті.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев пен Изуми Накамицу халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер туралы пікір алмасты.

БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ ӨТЕДІ

Парламент палаталарының бірлескен отырысы алдағы дүйсенбі, яғни 2 қыркүйек күні өтеді. Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы өкімге қол қойды. Бұл туралы 2024 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің баспасөз қызметі хабарлады.

БАЛАЛАРҒА МЕКТЕП ҚҰРАЛДАРЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Amanat партиясының Астана қалалық филиалының ұйымдастырумен «Баланы мектепке даярлайық!» қайырымдылық акциясы өтті. Акция аясында елордалық 60-қа жуық отбасыға мектеп сөмкелері мен кеңсе тауарлары үлестірілді.

Индира БЕРЖАНОВА

Игілігі мол іс-шараға Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек, мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов, елордалық мәслихат депутаты Мәдина Әжікенова, саяси партияның аудан хатшылары, астаналық ата-аналар мен оқушылар қатысты.

«2014 жылдан бері дәстүрлі түрде партияның «Бақытты отбасы» жобасы жүзеге асып келеді. Аталмыш жоба негізінде «Баланы мектепке даярлайық!» қайырымдылық акциясы қатар өткізілуде. Сұранысы көп жобаға қатысу үшін Amanat партиясы Астана қалалық филиалына 1250 өтініш келіп түссе, бүгінде 750 отбасыға қолдау көрсетіледі. Еліміздің барлық өңірін қамтыған жобаның маңызы мен мәні зор. Халықтың әлеуметтік осал тобынан шыққан балалардың оқуға бастар қадамы қуанышқа толы болуы үшін оларды мектепке даярлап, жан-жақты көмек көрсету ісінде әркім азаматтық белсенділік танытатынына сенімдімін. Салауатты, сәтті әрі бақытты өмір негізі балалық шақта қаланды. Балалардың дамуына қолдау көрсету – қоғамның басты мақсаты» деді өз сөзінде Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек.

Amanat-тың елордалық филиалында салтанатты жағдайда тағы 50 рюкзак табысталды. Әр рюкзактың ішіндегі заттар оқу жылы бойына жететіндей етіп жасалған. Қазіргі таңда Астанада шамамен 3 мың оқушы көмек алды. 30 қыркүйекке дейін жалғасатын акция аяқталғанға дейін тағы 8 мың баланың қамтылуы жоспарлануда.

Акцияның игілігін көрген жандардың бірі, елордалық тұрғын әрі көпбалалы ана – Гүлнәр Ақтаева.

«Менің төрт балам бар. Оның екеуі – мектеп жасында. Балаларыма екінші жыл қатарынан екі мектеп сөмкесі мен керек-жарағын алып келемін. Акцияға қатысу үшін арнайы өтініш жазып, қабылдандым. Қазірде екі баланың мектеп сөмкесі мен кеңсе тауарын сатып алудың өзінде кемі 80 мың теңге қаржы жұмсалады. Сондықтан Amanat партиясы ұйымдастырған акцияның қолдауы көп. Білім күні қарсаңында жаңа құрал-жабдықтарды алғанына балаларым мәз, мектепке қуана баратын болды. Ұйымдастырушыларға алғысымды білдіре, жоба жалғасын таба берсін деймін» деді Г.Ақтаева.

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді еліміздің басты мерекелерінің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Конституция – біздің негізгі Заңымыз елдегі тұрақтылықтың, бейбітшілік пен келісімнің кепілі, мемлекетіміздің демократиялық дамуының мызғымас іргетасы!

Біздің Конституциямыз азаматтарға негізгі құқықтар мен бостандықтарды кепілдендіреді. Осы Заңның арқасында еліміздің даму жолында біз тұрақтылық, келісім және өркендеу бағытымен нық қадам басудамыз.

Сіздерге ашық аспан, келісім мен тұрақтылық тілеймін, әрбір отбасында бақыт пен береке орнасын, ал Отанымыздың гүлденуі жолында жаңа жеңістерге ұмтылуымыз үлкен табыстарға жетелей берсін!

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Құрметті астаналықтар!

Сіздерді Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бірлігі жарасқан Қазақстан халқының ілгері дамуының іргелі қағидаларын жариялаған еліміздің бас заңы уақыт сынынан сүрінбей өтіп, өзінің өміршеңдігін дәлелдеді.

Соның арқасында Қазақстан бүгінде халықаралық қауымдастықта лайықты орынға ие болып отыр. Әрбір азамат Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзі үшін де, отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

Басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздік, Бірлік және Тұрақтылық жылдан жылға нығая берсін. Сіздерге және Сіздердің жақындарыңызға денсаулық, ортақ үйімізге тыныштық пен гүлденуді тілейміз!

Құрметпен, Сансызбай ЕСІЛОВ,
«Ардагерлер ұйымы» РҚБ
Астана қалалық филиалының төрағасы

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді тәуелсіз еліміздің басты мерекесі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – халқымыз үшін аса қастерлі, ең ұлық мереке. Бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданған Ата Заңымыз өркениетті мемлекеттің барлығына тән демократиялық қағидалармен толық қамтылды.

Конституция – бірлік пен тұрақтылықтың, мемлекеттік құрылым мен тұтастықтың символы және әрбір азаматтың өзін тең сезінуі мен құқықтарын сақтауына берік негіз болды.

Ата Заңымызға деген ерекше құрмет – біздің сеніміміз бен күшіміздің қайнар көзі.

Конституциямызда бекітілген басты құндылықтар елдегі жүзеге асырылып жатқан реформаларды батыл еңсеріп, болашаққа деген нық сенімге бастайды.

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Осынау мәні терең, мерейлі мерекемен баршаңызды құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ел болашағы мен халық игілігі жолындағы істеріңізге сәттілік тілеймін.

Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

ТҰРҒЫН ҮЙ МАҢЫ ТАЗАРАДЫ

Елордада Таза Қазақстан ауқымды экологиялық акциясы аясында «Taza Astana» әлеуметтік жобасы басталды. Бұл тұрғын үй маңын абаттандыру, көгалдандыру, санитарлық тазалау, аулада тазалық жұмыстарын жүргізу, балалар алаңдарының тозығы жеткен жерлерін жөндеу бойынша жүйелі жұмыс құруға бағытталған.

Жоба аясында арнайы құрылған экологиялық комиссия тоқсан сайын «Ең таза аула», «Ең үздік кәсіпорын», «Ең үздік мекеме» атақтарын белгілейді.

Taza Astana жобасы шеңберінде бағалау актісі бойынша МИБ/ПИК/ЖШС басшыларының өтінімі бойынша тоқсан сайын арнайы құрылған экологиялық комиссия қатысушылар үшін номинацияларды айқындайтын болады.

Аумақты тексеру үшін жобаға қатысу ерікті болып саналады.

Нәтижелер негізінде «Сапалы басқарушы», «Таза аула», «Креативті мердігер», «Қауіпсіз аула», «Тату аула», «Сенімді мердігер», «Жайлы орта», «Таза орта», «Жасыл орта» номинациялары беріледі.

Өтінімдер birge.astana.kz платформасында қабылданады.

Жобаның алғашқы күні тұрғын үй иелерінің балаларына арналған анимациялық шоу бағдарлама ұйымдастырылды. Мұнда олар тазалық тақырыбына арналған ойын-сауық әрі танымдық ойындар ойнады.

Бүгін елордалықтарға түсіндіру жұмыстары өтті. Ал экологиялық комиссияның алғашқы жұмысы 30 тамызда басталады.

Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп ұстау және отырғызу, сауда нысандарына іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарларды орнату, рұқсат етілмеген полигондарды жою жұмыстары жүргізілуде.

№103-104 (4692) 29/08/2024 Бейсенбі

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында елорданың жаңа ауданының атауы мен бас қаланы басқару тәсіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бекітілді. Сондай-ақ қаланың сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау ережелері, шаһар аумағындағы жасыл желекті егу, күтіп-ұстау және қорғау ережелеріне енген өзгерістер мақұлданды. Сессияға қала әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов қатысты.

САРАЙШЫҚ ӘКІМДІГІ ҚЫРКҮЙЕКТЕ ЖҰМЫСҚА КІРІСЕДІ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп жаңа ауданға берілген Сарайшық атауы осының алдында қалалық мәслихаттың көпшілік тыңдауында, қалалық ономастика комиссиясы мен қалалық Қоғамдық кеңес отырыстарында, Үкімет жанындағы республикалық ономастика комиссиясында талқыланып, мақұлданғанын жеткізді.

Астана қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары Жанасыл Шәукентаев қалалық Жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы атауының өзгеруіне және Сарайшық ауданы әкімі аппаратының қосылуына байланысты бас қаланы басқару тәсіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін баяндады. Оның айтуынша, Сарайшық ауданы әкімінің аппараты 10 қыркүйектен кейін жұмысқа кірісуі керек. Оған дейін заңдық тұрғыдан бірқатар тіркеу шарасынан өтуі қажет.

СӘУЛЕТ КЕЛБЕТІ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бақтияр Ілиясов қаланың сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау ережелерін әзірлеу мақсаттары мен міндеттеріне тоқталды. Атап айтқанда, бұл ережелер жергілікті ерекшеліктерді есепке алып, бас қаланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, шаһар тұрғындарының заманауи талаптарына сәйкес келетін сапалы қалалық ортаны құру, сәулеттік және қала құрылысын жоспарлаудың үздік халықаралық тәжірибесін енгізу, қала аумағын нәтижелі, рационалды және қауіп тудырмайтындай етіп пайдалану, шаһардың әлеуметтік-мәдени және климаттық ерекшеліктерін есепке алып, қаланың тарихи келбетімен сабақтастықта ғимараттарды, құрылыстарды, қоғамдық кеңістіктерді дамытуды көздейді.

Бұл тарапта сессияны жүргізген қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов қазір Парламент Мәжілісінің қарауында жатқан Құрылыс кодексі және «Жарнама туралы» заң қабылданған соң қаланың сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау ережелеріне жергілікті ерекшеліктер есепке алынып, қосымша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетінін атап өтті.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов шаһар аумағындағы жасыл желекті егу, күтіп-ұстау және қорғау ережелеріне енгізілген өзгерістермен таныстырды. Оның айтуынша, бұл өзгерістер жасыл желек отырғызылғаннан кейін міндетті түрде 3 жылдық күтімді қамтамасыз ету, ағаштарды заңсыз кескені үшін жазаны күшейту тарапында болды.

Қалалық мәслихат депутаты Владислав Сергеев мәслихат төрағасы Ерлан Каналимовпен бірге қалада жасыл желекті есепке алу жүйесін енгізу мәселесін көтергеніне 3 жыл болғанын, алайда бұл мәселе әлі күнге дейін шешілмегенін айтты.

«Жасыл желекті есепке алу жүйесі болмаса, онда бюджет қаржысы тиімсіз пайдаланылады. Ал қаланы көгалдандыруға, жасыл желекті егуге жыл сайын қыруар қаржы жұмсаймыз. Осыншама қаржыны жұмсағанда қанша ағаш отырғызылды, қаншасы кесілді, оның орнына қай жерде ағаш егілгенін анық білуіміз керек» деген Владислав Сергеев суды үнемдеу мақсатында жасыл желекті суару мәселесін де түбегейлі шешіп алу керегін жеткізді. Оның айтуынша, қазір жасыл желектің көбі көлікпен су әкеліп суарылады. Ал бұл өзінің тиімсіздігін көрсетті.

Қалалық мәслихат депутаты Кендебай Адамбек жасыл желекке, абаттандыруға, көгалдандыруға қатысты көшпелі отырыс өткізуді ұсынды. Мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мұны мақұлдап, алдағы күзде мұндай отырыс өткізуге шешім шығарды. Депутат Бауыржан Смайыловтың мәліметінше, Сарыбұлақ өзені маңайында, «Көктал» саябағында егілген ағаштар құрап жатыр. Шетелден де жасыл желек әкелінген. Ол мұның жайын сұрады.

Қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов Сарыбұлақ бойындағы және «Көктал» саябағындағы ағаштарға Сарыарқа ауданы жауапты екенін, «Астана көгалдандыру құрылысы» ЖШС мердігер болғанын, басқарма тарапынан бұған қатысты ескерту жасалғанын, қураған ағаштардың орнына жаңалары отырғызылатынын жеткізді. Ал жасыл желек шетелден, нақты айтқанда, Германиядан әкелінген. Сондай 2 мың ағаш Мәңгілік ел даңғылы бойында, «Ұлытау» аллеясында, ішінара Қазақ елі алаңында, «Астана Арена» стадионы маңайында отырғызылған. Шетелдік ағаштардың жерсіну мәселесі 3 жыл көлемінде белгілі болады. Әзірге олар жергілікті топыраққа бейімделу үдерісінен өтіп жатыр.

ҚАЖЕТ НЫСАНДАР САЛЫНАДЫ

Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Әнуар Саипов мемлекет мұқтаждығы үшін сатып алынған жер телімдері бойынша мәлімет берді. Оның айтуынша, мұндай жер телімдерінің жалпы саны – 49. Бұлар құрылыс жұмыстарына пайдаланылады. Атап айтқанда, Қабанбай батыр даңғылы мен Хусейн бен Талал көшелері қиылысында әкімшілік ғимарат, Жамбыл, 8 көшесі аумағында қоғамдық кеңістік, А.Тоқпанов көшесінде мектеп, Ақан сері мен СФЛ-2 көшелері қиылысында балабақша, Керегетас және Г.Потанин көшелері қиылысында мектеп бой көтереді. Ш.Айтматов, С189, 12-208 көшелері аумағында көше салынып, Ш.Қосшығұлұлы, 6/1 көшесінде қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Ш.Айтматов көшесінен батысқа қарай көше салынады.

Қалалық мәслихаттың сайлау комиссиялары мүшелерін сайлау жөніндегі уақытша комиссия төрайымы Алтыншаш Табулдина сайлау комиссияларының 5 жылдық өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты осы комиссияларды жаңадан жасақтау бойынша жүргізілген жұмыспен таныстырды.

Сессия соңында қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов жиналғандарды Конституция күнімен құттықтады.

«Ата Заңымыз – еліміздің барлық жетістігінің бастауы, барлық қазақстандыққа құқықтық теңдік пен бірдей мүмкіндіктер беретін құжат. Қазіргі таңда Конституция халықтың бірлігін, қоғамдық және рухани келісімін нығайтып, егемендік пен тұрақтылықтың кепіліне айналды» деді мәслихат төрағасы.

САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІН ТЫҢДАДЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаты Мәдина Әжікенова өзінің №4 сайлау округінде Т.Жүргенов көшесі, 30 мекенжайы тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында сайлаушылар бірқатар мәселені көтерді.

Тұрғындар өз ауласында футбол алаңын орнатуды сұрады. Қазіргі уақытта аулаға жақын жерде ортақ футбол алаңы бар, бірақ ата-аналардың айтуынша, басқа үйлердің балалары бұл алаңды өздерінікі деп, балалардың емін-еркін футбол ойнауына кедергі келтіреді екен. Депутат Алматы ауданы әкімдігі абаттандыру бөлімінің бас маманы Асан Бекзатпен бірге тұрғындарды «Халық қатысатын бюджет» жобасына қатысуға шақырды.

Сондай-ақ тұрғындар аулаға орындықтар, қоқыс жәшіктері және спортпен жаттығу құралдарын орнатуды өтінді. Аудан әкімдігінің бас маманы бір апта ішінде әр подъездің алдына орындықтар мен қоқыс жәшіктерін орнатуға уәде берді. Ал спортпен жаттығу құралдарын орнату үшін қосымша қаржы қажет. Бұл мәселенің шешімін табу үшін депутат депутаттық сауал жолдайды.

Тұрғындар балалардың қауіпсіздігі үшін мектепке апаратын жолға жасанды жол кедергісін орнатып, жарықтандыру жұмысын жүргізу қажеттігін, үйдің қасбеті тозғанын, оны жаңарту керегін жеткізді. Аулаға бейнебақылау камераларын орнатуды сұрады.

«Барлық мәселені бақылауға алып, тиісті шаралар қабылдаймыз. 10 күннен кейін тұрғындармен қайта кездесіп, атқарылған жұмыстардың нәтижесін талқылап, алдағы жоспарларды тағы бір пысықтаймыз» деді депутат Мәдина Әжікенова.

Жолдар құрылысына байланысты өткен қалалық мәслихат отырысында ол М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия мәселесін көтерген еді. Қазір оқу орнына 600 орындық қосымша ғимарат салынып жатыр. Сондықтан оқушылар қауіпсіздігі мәселесі туындады. Артынша депутат қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Асхат Қарағойшинді, басқарма мамандарын, қалалық Құрылыс басқармасының өкілдерін, Алматы ауданы әкімінің орынбасары Нұрмат Абдраимовты, құрылысқа жауапты мердігерді шақырып, мектеп ауласында мәселенің шешілуін талқылады. Оған мектеп директоры Гүлмира Оралқызы қатысты. Қорытындысында мектеп айналасына қоршау орнатылып, автотұрақ салынады. Мектеп маңайы жарықтандырылып, жаңа аялдама орнатылады.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Amanat партиясы әйелдер қанатының отырысында аталмыш қанаттың Астана қалалық филиалының төрайымы, елорда мәслихатының депутаты Салтанат Женалаева 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

24000-нан АСТАМ ӘЙЕЛДІ ҚАМТЫДЫ

Оның айтуынша, осы филиалдың мүшелері әйелдерді қолдауға бағытталған 10 негізгі бағыт бойынша іс-шаралар кешенін ұйымдастырып, жүзеге асырды. Барлығы 56 іс-шара өтті. Соның ішінде тренингтер, семинарлар және әйелдер көшбасшылығын арттыруға, инклюзивті қоғамды қолдауға және отбасы құндылығын нығайтуға бағытталған қоғамдық кездесулер бар. Іс-шараларға 500-ден астам адам белсенді қатысты, ал филиал бастамалары 24000-нан астам әйелді қамтыды. Бұл Астана қаласындағы партия мүшелері жалпы санының 63 пайызын құрайды.

«Біз әйелдер кәсіпкерлігін дамыту, өндірістегі әйелдердің еңбегін қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бастамаларын сәтті жүзеге асырдық. «Ана жүрегі» сияқты маңызды акцияларды өткіздік. Мұнда ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған аналар ыңғайлы жағдайда медициналық тексеруден өте алды. Сонымен қатар «Анаға қарап бой түзеймін» акциясы аясында аналар балаларымен бірге шеберлік сабақтарына қатысты. Біз сондай-ақ психологиялық қызмет институтын құру бойынша белсенді жұмыс жүргіздік, әйелдермен кездесулер мен кеңестер өткіздік, саяси көшбасшылықты арттыру және ғылымдағы әйелдерді қолдау бойынша тренингтер ұйымдастырдық. Отбасы, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу аясында біз гендерлік теңдік және әйелдердің құқығын қорғау мәселелерін талқылау мақсатында халықаралық конференциялар мен семинарлар өткіздік» деді Салтанат Женалаева.

Оның сөзінше, алдағы жоспар – осы бағыттарды одан әрі дамыту, тиісті жұмыстарға тартылған әйелдер санын көбейту және жаңа білім беру бағдарламаларын іске қосу.

МЕКТЕПТЕР ДАЙЫНДЫҒЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Астана қаласы мәслихатының отырысында мектептердің жаңа оқу жылына дайындығы талқыланды. Бұл туралы қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов Facebook желісіндегі парақшасында жариялады.

«Тамақтандыру, оқулықтармен қамтамасыз ету, қауіпсіздік, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік мәселелері көтерілді. 1 қыркүйектен бастап 100 мыңға жуық бала тегін тамақпен қамтамасыз етіледі, қажетті 1,3 миллион оқулық сатып алынды.

СЭС өкілдерінің мәліметіне сәйкес, 8 мектепте үш ауысымдық оқыту жүргізілуде, бірқатар мектепте санитарлық тораптар мен спорт залдарды жөндеу қажет, кейбір мектептердің асханалары талаптарға сәйкес келмейді» деп бөлісті Е.Каналимов.

Сондай-ақ мектептердегі күзет компаниялары мәселесі де көтеріліп, олардың жабдықталуы мен кәсіби

деңгейін талдау қажеттігі сөз болды.

«Мәселе өте маңызды және жауапкершілікті талап етеді. Барлық ескертулерді оқу жылы басталғанға дейін жедел түрде түзетуді тапсырдым, алдағы уақытта мектептерде, оның ішінде тамақтандыру орындары мен күзет фирмаларына тексерулер басталады. Тапсырмалардың орындалуын бақылау депутаттық корпусқа жүктеледі» деді қалалық мәслихат төрағасы.

Индира БЕРЖАНОВА

ЖАҢА СИПАТТЫ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

Әстүрлі түрде Астананың білім беру ұйымдарында 1 қыркүйек күні «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты іс-шара өтіп, 2 қыркүйек, жаңа оқу жылының бірінші күні, «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты басталады.

1-СЫНЫПҚА – 28 МЫҢ БАЛА

Жылдан-жылға білім саласына қойылатын талап күшейіп келеді. Білім мазмұнына енгізілетін өзгерістердің мәні құндылықтарға бағдарланған оқыту тәсілін қолдануды көздейді. Сондай-ақ биылғы тамыз кеңесінде білім саласының өзекті мәселелері сөз болып, жаңа оқу жылы цифрланған білім беру жүйесіне біртіндеп көшуге, жасанды интеллектің игілігін оқу процесінде кеңінен қолдануға басымдық береді. Жыл сайын баланың саны артып, білім алушылар қатары көбейіп келеді. Мәселен, әр жылда бас шаһарда орта есеппен 35 мыңға жуық бала дүниеге келеді. Ол өз кезегінде мемлекет тарапынан білім алатын оқу ошақтарын салуға, мектеп мәртебесін, мектептегі ұстаздардың мәртебесін көтеру бағытында ауқымды жұмыстардың атқарылуын қажет етеді. Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек кеңірек тарқатқан еді.

«Білім күні – 1-сыныпқа баратын оқушылар үшін өміріндегі жаңа әрі жауапты кезең, ал жоғары сынып оқушылары үшін болашақ мамандығын анықтайтын уақыт. Ұстаздарымыз балаларымызға білім беріп қана қоймай, олардың әлеуетін ашуға, бойындағы ерекше қасиеттерін танытуға көмектеседі. Елорданың білім беру жүйесінің негізгі ерекшелігі – қарқынды дамуы. Қала өсіп келеді. Қала тұрғындарының жыл сайынғы өсімін ескере отырып, елордада мектеп көптеп салынып жатыр. Қазіргі уақытта екі ауысымда 100 мыңға жуық оқушыға арналған 30-дан астам мектептің құрылысы жүріп жатыр. Жаңа оқу жылы ішінде 20-дан астам мектеп ашылады. Олардың бір бөлігі – жайлы мектептер. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 90 мың оқушы орнына арналған 24 жайлы мектеп салынады. Сол сияқты мемлекеттік балабақшалардың құрылысы қайта жанданды, бұған қоса жеке балабақшаларға мемлекеттік тапсырыс беруді әрі қарай жалғастырамыз» деді қала әкімі.

Оқу жылының басында елордада 282150 оқушы оқитын 187

Құшақ-құшақ гүлдерін ұстап, ұстаздарын 1 қыркүйек күнімен құттықтауға асыққан оқушылар, бір-бірін сағынысқан сыныптастар, мектеп табалдырығын алғаш аттайтын балдырғандар, жоғары сыныпқа қадам басқанына қуанған жеткіншектер, ыстық ұядағы соңғы оқу жылын өткізуге жүрегі лүпілдеп жаныққан бітірушілер, білім әлеміндегі үлкен өмірге қадам басқан студенттер – барлығының жаңа білім, жарқын болашақ іздеп, оқу ордаларына асығып баруына санаулы ғана күн қалды.

мектеп болады (110 мемлекеттік – 233006 бала, 70 жекеменшік – 42674 бала және 7 республикалық мектеп – 6470 бала).

2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 1-сыныбына 28 мың бала қабылданады. Биылғы ерекшелік, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын бітірген бүлдіршіндердің ұлттық деректер қорында «баланың жеке даму картасы» толтырылады. 1-сыныпқа қабылданған бала туралы ақпаратты мұғалім аталған карта негізінде біле алады. Әріп тануы, дыбыстарды айтуы, оқи алуы не алмауы, қай пәнге бейім екені туралы мәліметтер қолжетімді болады. Осылайша бастауыш сынып мұғалімдері оқушының әрі қарай қандай қырларын дамыту керегін біледі.

ЦИФРЛЫ ӘРІ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Ата-ана – оқушы – ұстаз үштігі бірге жұмыс істемей, сапаға қол жеткізу қиын. Сондықтан елорда мектептерінде өзара тығыз қарым-қатынасты орнату мақсатында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылды. Маңызы бар жобаның міндеті – балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыретін дамыту.

Биылғы қалалық тамыз кеңесінде елордалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сеңғазыев бірқатар жаңалықпен бөлісіп, жаңа оқу жылы заманауи технологияларды ұштастыратынын жеткізді.

«Елорданың білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында жаңа жылда бірқатар мектеп базасында IT-құзыреттілік орталықтарын ашу жоспарланған.

Білім беру процесінде цифрлы технологиялар мен жасанды интеллектті қолданудың кеңеюіне байланысты жаратылыстану-математикалық цикл педагогтары үшін IT құзыреттіліктері бойынша біліктілікті арттыру жұмысы жүргізіледі.

Елорданың мектептері мен университеттерінің бірлескен «турникетсіз күн» жобасы енгізіледі. Оның аясында жоғары сынып оқушылары университеттерде зертханалық сабақтарға қатысып, таңдалған тақырыптар бойынша профессорлардың дәрісінде білім алады. Бұл, бір жағынан, болашақ мамандықты таңдауда түлектерді ынталандырса, екіншіден, цифрлы технологиялар пәні бойынша білім алуға қосымша мүмкіндіктер ашар еді» деп бөлісті басқарма басшысы.

«Біртұтас тәрбие» бірыңғай тәрбие бағдарламасы шеңберінде ұлттық құндылықтарды оқу процесіне енгізу жалғасады. Ол үшін бірқатар мектепте тәрбие жұмысы бойынша арнайы құзыреттілік орталықтары ашылады. Сондай-ақ ұстаздарға сабаққа дайындық кезінде кәсіби көмек көрсету мақсатында әдістемелік орталық базасында Astana digital mektebi цифрлы платформасы іске қосылмақ. Осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап 30 мектепте 1-сынып оқушыларына «Шахмат» курсы енгізіледі.

«Өткен оқу жылында кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында сынақ ретінде 50 мектепте педагогикалық сыныптар ашылды, бұл біздің балаларымызға болашақ мамандықты таңдауда жақсы серпін берді. Бүгінгі таңда педагогикалық сыныптардың 300-ге жуық түлегі мұғалім мамандығын таңдап отыр. Биыл сол қағида бойынша IT технологияларды тереңдетіп оқыту бойынша инженерлік сыныптар ашамыз» деді Қ.Сеңғазыев.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА – 21 МЕКТЕП

Астаналық мектептерде 28 мыңға жуық оқушы орны жетіспейді. Сол себепті 8 мектеп үш ауысымды мектеп режимімен жұмыс істеп жатыр. Оқушы саны шамадан тыс 16 мектеп бар. Бір сыныпта 35-ке тарта оқушының болуы, әрине, білім алу процесінде ыңғайсыздық тудырады. Сондықтан биыл бір ауысымда 49790 орынға арналған 32 нысанның құрылысы жүріп жатыр. Оның ішінде бір ауысымда 30290 орынға есептелген 21 мектепті жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Қыркүйек айында бір ауысымда 15850 мың орынға арналған 12 мектеп пайдалануға беріледі. Желтоқсан айында бір ауысымда 14440 орындыққа арналған қосымша 9 мектеп пайдалануға беріледі. Осылайша, биыл жыл соңына дейін үш ауысымда оқитын 6 мектептің, бала саны шамадан тыс 9 мектептің мәселелері шешілмек.

«2025 жылы 26441 орындық (бір ауысымда) 23 мектеп салу жоспарланып отыр. Барлығы «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 15 мектеп қарқынды дамып келе жатқан Есіл (6 мектеп) және Нұра (9 мектеп) аудандарында орналасады. «Жайлы мектеп» жобасы балаларға барынша қолайлы жағдай жасаумен айрықша. Мұнда зертханалар, шеберханалар, компьютерлік сыныптар және пән кабинеттері жобаланады. Бір емес, төрт бірдей спорт залдары, бастауыш және жоғары сыныптарға арналған жеке блоктар қарастырылған» деді өз сөзінде Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев.

Сол сияқты Астана қаласы бойынша әлі де балабақша тапшылығы бар. Бүгінде 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту 81 пайызды құрайды (мектепке дейінгі ұйымдарға кезекте тұрған бала саны – 57283). Бұл мәселені шешу мақсатында 2025 жылға дейін 10 балабақша ашу жоспарланған. Сонымен қатар әлеуметтік осал топқа жататын отбасындағы 97000 бүлдіршін тегін тамақпен қамтамасыз етілді. Оның 11712-сі – Астана қаласының балабақшаларында.

Білім алушылар санының артуына, жаңадан салынып жатқан мектептердің құрылысына байланысты қаламызда кадр тапшылығы мәселесі әлі де бар. Әсіресе бастауыш сыныптарында орыс тілі пәні мұғалімі, жаратылыстану және өзге де пәндер бойынша мұғалімге қажеттілік туып отыр. Оның ішінде 8 «Жайлы мектепке» мұғалімдерге қажеттілік 792 адамды, техникалық қызметкерлерге 387 адамды құрайды.

Білім басқармасының алдына қойған негізгі міндетінің бірі – балаларды кітап оқитын ұлтқа айналдыру, олардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, дүниетанымын кеңейту, жалпы кітап оқу дағдысын қалыптастыру. Осы мақсатта «8 минуттық көркем әдебиет оқу» жобасы әзірленген еді. Оқушылар әр ауысымның алдында сабақ басталмас бұрын 8 минут уақытын кітап оқуға арнайды. Оқу жылында олар отандық әдебиет пен әлем әдебиетінің ең озық әрі таңдаулы шығармаларымен танысады.

СТУДЕНТТЕРГЕ ЖАТАҚХАНА САЛЫНАДЫ

Әлемде технологияның дамуына байланысты кардларды даярлауға қойылатын талаптар прогрессивті түрде өзгеруде. Қаламыздың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары бұл өзгеріске дайын болуы қажет. Жастарға кәсіптік білім беру, оларды жұмысшы мамандықтарына даярлау және біліктілігін көтеру – мемлекетіміздің білім беру саясатының негізгі бағытының бірі. Ел экономикасының қуаты кәсіптік білім беру жүйесінің өндіріс орындарын білікті жұмысшылармен жеткілікті қамтамасыз етуіне тікелей тәуелді. Бүгінде қазақстандық колледждерге академиялық дербестік берілген. Яғни олардың өздері жұмыс берушілермен бірлесіп, білім беру бағдарламаларының мазмұны мен оқу мерзімдерін айқындайды.

Қалада 1200 орыннан астам студенттің жатақхана тапшылығы мәселесі бар. Мемлекет тарапынан білім алушыларға хостелдерде орын берілді. Алдағы уақытта жатақханалар саны арта түседі. Қазірдің өзінде 925 орындық жатақхана құрылысы жүруде. Жалпы Астанада 4,5 мың орынға арналған 6 студенттік жатақхана салынады. Тағы 4 университетке жатақхана салу үшін жер телімі бөлінді. 2025 жылы тағы 2 жатақхана пайдалануға беріледі.

Сондай-ақ колледжерде жаңа жұмысшы мамандықтар ашылып отырады. Мәселен, биыл Техникалық колледже гидротехник, Сервис және туризм колледжінде көгалдандыру маманы, Astana Polytechnic колледжінде ақпараттық қауіпсіздік секілді мамандықтар ашылып, студенттерді қабылдады.

№103-104 (4692) 29/08/2024 Бейсенбі

Райхан РАХМЕТОВА

АТА ЗАҢМЕН АР-НАМЫСЫҢ ЖОҒАРЫ

Мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат – Конституциямызға биыл 29 жыл. 1995 жылғы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум негізінде қабылданған Ата Заң 9 тарау, 99 баптан тұрады. Осы жылдар ішінде ел өміріндегі маңызды құжатқа өзгерістер мен толықтырулар 6 рет енгізілді. Атап айтқанда, 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары.

Адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгілеп, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындаған конституциялық заңдылықты қамтамасыз ету – барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың заң шығару және құқық қолдану аясындағы ортақ міндеті. Кез келген зайырлы елдің даму бағыттарын белгілейтін басты құжаты – Конституция мерекесі қарсаңында Конституциялық сотта құқық үстемдігі және конституциялық бақылау мәселелері бойынша халықаралық конференция өтті. Парламентаризм институтымен бірлесіп өткен іс-шара «Конституция: құқық үстемдігінің, азаматтық қоғамның және қазіргі мемлекеттің құндылықтарын іске асыру» тақырыбын арқау етті. Оған Конституциялық Соттың судьялары, Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың, ғылыми және заң қоғамдастығының, ЕҚЫҰ-ның Астанадағы кеңсесінің өкілдері, сондай-ақ Германия, Финляндия, Швейцария, Өзбекстан және Қырғызстан мемлекеттерінің сарапшылары қатысты. Қатысушылар адам құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетудегі конституциялық бақылаудың рөлі туралы пікір алмасты. Басты назар мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету контекстінде конституциялық сот төрелігін жетілдіруге аударылды. Халықаралық сарапшылар конституциялық бақылаудың өз тәсілдері мен үлгілерін ұсынды. Конституциялық соттың төрағасы Эльвира Әзімова өз сөзінде азаматтарымыздың құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейі мемлекеттілікті нығайтуға, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті сақтауға жәрдемдесетінін атап өтті.

– Демократия жолындағы әр мемлекеттің конституциясы – мемлекеттің, қоғамның компасы деп айтуға болады. Сондықтан конституцияны тек заң ғана емес, негізгі моральдық-этикалық кодекс десек қателеспейміз. Заң – ол тірі ағза, себебі қоғамдық қарым-қатынастың өзгеруі оған әсер етеді, – деді Э.Әзімова.

Парламентаризм институтының директоры, заң ғылымдарының докторы Қанатбек Сафинов Конституция тек құқықтық акт емес екенін, ол біздің қоғамымыздың тұрақтылығы мен өркендеуіне кепілдік беретін мемлекеттік құрылымның негізі екенін айтты. Қазақстанның негізгі заңы елдің ұзақ мерзімді даму бағытын айқындайтын мызғымас құндылықтарды, соның ішінде халық билігі, теңдік, бірлік және заң үстемдігі қағидаттарын көрсететінін жеткізді.

ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА – АДАМ

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды. 1993 жылғы Конституцияның негізінде еліміз парламенттік республика моделінде болса, 1995 жылы қабылданған Конституция негізінде президенттік-парламенттік билікке көшті. Еліміздің басты құжатында «Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде көрсетілген және оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған.

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз» делінген Ата Заңда. 2-бапта жазылғандай, Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Сондай-ақ құжатта мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық екені айтылған.

– Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау – бұл тек мемлекеттік органның жұмысы ғана емес, әр азаматтың жауапкершілігі. Біз қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру арқылы өз құқықтарымызды білуге және оларды қорғауға ұмтылып, құқықбұзушылықтарға қарсы тұруымыз керек, – дейді ҚР Адам құқықтары уәкілінің Астана қаласы бойынша өкілі Баян Жалмағанбетова.

Заңға сәйкес ҚР-да билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша құдаланады. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. ҚР азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең. ҚР-да Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ МАҢЫЗЫ

Әр елдің мемлекеттік тәуелсіздігі мен егемендігінің заңды негізі – Конституция, ол ұлттық саяси-құқықтық жүйенің ядросы, заң мен құқықтық қолдану тәжірибесі негізделетін іргетасы болып саналады. Соған сәйкес Негізгі заңды қорғау тәртібі бекітіліп, конституциялық бақылау органы анықталған.

– Конституциялық бақылау мемлекеттік қызметтің дербес саласы ретінде негізінен қоғамның саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және рухани өнегелік құндылықтарын қорғауға қызмет етеді. Конституциялық бақылау Ата Заңның тікелей ықпалы бар Негізгі заң ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Конституциялық бақылау тиімді болмайынша Конституцияның да күші мен мәні жалпы декларациядан аспай қалады. Елімізде конституциялық бақылаудың қалыптасуына 1991 жылғы 16 желтоқсандағы «ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң триггер болды, онда «Конституцияны соттық қорғаудың жоғары органы ҚР Конституциялық соты» деп бекітілді, – дейді Парламентаризм институтының сарапшысы, заң ғылымдарының докторы, профессор Әлібек Темербеков.

Спикердің айтуынша, Конституциялық бақылаудың қалыптасуын талдау барысында оның үш кезеңнен тұрғанын атап өтуге болады. Олар – әлемдік, кеңестік және егемендік. Конституциялық бақылау институтын дамытуда конституциялық реформалар жүргізу де маңызды рөл атқарды.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУ БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАДЫ

Осыдан 29 жыл бұрын күрделі әрі серпінді геосаяси жағдайда республикамыздың даму бағытын айқындаған Конституциямыз қабылданған соң жаңа кезең басталды. Онда бекітілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ саяси және әлеуметтік-экономикалық құрылымның негізін қалаушы қағидаттары әділетті және гүлденген қоғам құрудың берік іргетасына айналды.

– Конституция – бұл жай ғана құқықтық акт емес. Ол тұрақтылық пен қоғамның гүлденуінің кепілі саналатын мемлекеттік тұрақтылық негізі. Қазақстан өзінің тарихи бастауын да, заманауи әлемдік үрдістерге ілесуін де көрсететін Негізгі заңымен мақтанады. Халық билігі, теңдік және бірлік пен заң үстемдігі – елдің ұзақмерзімді даму бағытын айқындайтын мызғымас құндылық. Біздің Ата Заң заманауи сын-қатерге жауап бере алады, қоғамның өзекті сұраныстарын көрсетеді және саяси жүйе мен әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастың бұдан арғы эволюциялық түлеуінде мықты әлеуетке ие, – деді Парламентаризм институтының директоры, заң ғылымдарының докторы Қанатбек Сафинов.

«Құқық үстемдігі – қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің кепілі» тақырыбын көтерген конференция қатысушылары жаһандық сын-қатерлер мен әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер кезінде құқықтың үстемдік рөлі ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

– Ата Заң – құқықтық мемлекет қағидаты ғана емес, сонымен қатар әділетті және өсіп-өркендеуші қоғам құрудың негізі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында құқық үстемдігі мен сот төрелігін атқару сапасын қамтамасыз ету қажеттігіне баса назар аударды. Ол құқықтық тәртіп пен заң – тұрақты және берекелі мемлекеттің негізі екенін атап өткен болатын. Бұл жолдау әрбір азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарының қорғалғанын сезінетін әділетті мемлекет құруға деген ұмтылысты көрсетеді, – деді спикер.

ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев конституция мемлекетті дамытуда адам құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз сақтаудың берік іргетасын қалағанын жеткізді.

– 2022 жылғы Конституциялық реформа еліміздің тарихында жаңа дәуірдің басталуын белгілеп берді және оның идеясы – Әділетті Қазақстанды қалыптастыру болды. Конституция бойынша әркім өз құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғауға құқылы. Мемлекет басшысы атап өткендей, өмірдің барлық саласында құқық істеріндегі қағидатты сақтау – еліміздің серпінді дамуының негізі болуы тиіс. Сот жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында оны әрі қарай жаңғырту бойынша шаралар қабылдануда, – деді А.Мерғалиев.

ӨЗГЕ ЕЛДЕРДІҢ АТА ЗАҢЫ ҚАНДАЙ?

Италияның қазіргі Конституциясы 1948 жылы күшіне енген. Бұл құжат әлемдегі ең демократиялы заңдардың бірі саналады. 139 баптың 54-і азаматтардың құқықтары мен бостандықтары және міндеттеріне арналған. Түркия республикалық басқарудағы ел болса да демократиялық, зайырлы, әлеуметтік-құқықтық мемлекет саналады, ол адам құқықтарына құрмет көрсетілетін Ататүрік қағидаттарына адал. Әлемдегі негізгі заңдарының көлемі жағынан ең үлкені – Үндістанда. Еуропадағы ең ескі Ата Заңдардың бірі – Польшада, ол 1791 жылы 3 мамырда қабылданған, екіншісі – АҚШ заңы, ол 1787 жылы 17 қыркүйекте күшіне енген. 1946 жылы қабылданғалы бері бірде-бір рет өзгерістер енгізілмеген Ата Заң – Жапонияда. Оның үш қағидаты бар: халықтың егемендігі, адамның негізгі құқықтарын құрметтеу және пацифизм, яғни соғыстан бас тарту.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды. 1993 жылғы Конституцияның негізінде еліміз парламенттік республика моделінде болса, 1995 жылы қабылданған Конституция негізінде президенттік-парламенттік билікке көшті. Еліміздің басты құжатында «Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде көрсетілген және оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған

НЕГІЗГІ БАПТАРДЫ БІЛЕ ЖҮР

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтары үшін, сондай-ақ мемлекеттің жұмыс істеуі үшін жиі талқыланатын және іргелі болып табылатын бірнеше негізгі баптарды бөліп көрсетуге болады:

12-бап – барлығының заң мен сот алдында теңдігіне кепілдік береді, сондай-ақ әртүрлі белгілер бойынша, соның ішінде нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне және т. б.

26-бап – өмір сүру құқығын бекітеді және өлім жазасына тыйым салады.

33-бап – зияткерлік меншікті қоса алғанда, меншік құқығына және мүліктен мәжбүрлеп айырудан қорғауға кепілдік береді.

36-бап – діни бірлестіктер мен діни бірлестіктердің бостандығын қамтамасыз етеді.

39-бап – ой, ар-ождан және сенім бостандығына кепілдік береді.

46-бап – білім алу құқығын, сондай-ақ бастауыш және орта білім берудің міндеттілігін белгілейді.

Бұл баптар азаматтар үшін маңызды, өйткені олар әр адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын анықтайды. Олар сондай-ақ құқықтық жүйені дамытуға және елдегі қоғамдық қатынастарды реттеуге негіз береді.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАДАН БАСТАУ АЛДЫ

Конституцияның 1-бабында Қазақстанның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп айқын көрсетілген. Яғни елдің басты құндылығы – адам. Біздің елдегі заңдардың барлығы адамдардың өмір сүру сапасын арттырып, жайлылық туғызуға бағытталған. 2022 жылғы 5 маусымда өткен республикалық референдумнан кейін Конституцияда бірқатар өзгерістер орын алып, елді демократияландырып, саяси және қоғамдық өмірге қарапайым азаматтардың белсенді қатысуына жол ашылды.

Референдум – тікелей демократия институты. Онда азаматтар дауыс беру арқылы мемлекет пен қоғам үшін маңызды мәселеге пікір білдіреді. Референдум институты Ежелгі Рим мемлекетінде дүниеге келді деп жатамыз. Дегенмен, тікелей демократияның осы институтының отаны – Швейцария. 1848, 1874 және 1989 жылдардағы штаттық заңдарына референдум көрініс тапқан. 1848 жылдан бастап жалпы халықтық дауыс беру тұрақты қолданылып келген.

Референдумның 4 функциясы бар: заң шығарушы, елдің саяси өмірінің барометрі, контрбиліктілік, даулы сұрақтың арбитраждық шешімдік құрал.

Қазақстанда референдум институты мемлекеттік-құқықтық практикаға жақында енгізілді. КСРО кезінде барлық конституцияда бекітілген, бірақ іс жүзінде қолданылмады. 1991 жылы наурызда КСРО тарихындағы алғашқы және соңғы референдум өтіп, онда Одақты сақтау туралы мәселе қаралды. Алайда референдум кеңестік билікті құлдыраудан құтқара алмады.

1993 жылы бірінші Конституцияда бұл институт құқықтық тұрғыда бекітілді. Заңдар жинағында мемлекет өміріндегі маңызды мәселелерді шешуде референдум өткізу мүмкіндігі қарастырылды. Осы Ережені негізге алып, 1995 жылы екі республикалық референдум өткізілді. Біріншісі – 29 сәуірде Президенттің өкілеттігін ұзарту, екіншісі – 30 тамызда Конституция қабылдау.

1995 жылғы Конституциясында, кейіннен «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңында толыққанды бекіді. 2022 жылы 5 маусымда Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көздеп, үшінші референдум өткізілді.

Референдумды ұйымдастыру, дайындау және өткізу ашық және жария түрде жүзеге асырылды. Референдум өткізу туралы қойылған мәселелер БАҚ арқылы азаматтардың назарына жеткізілді. Жалпы дауыс беру құқығы бар 11 734 642 азаматтың 7 985 769-ы референдумға қатысып, өз таңдауын жасады. Дауыс берушілердің келу көрсеткіші 68,05 пайыз құрады. Оның ішінде азаматтардың 77,18 пайызы (6 163 516 адам) Конституцияға өзгерістер енгізуге дауыс берді. Сөйтіп, Қазақстан тарихында екінші рет референдум арқылы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Негізгі өзгерістерге тоқталатын болсақ:

– Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті Парламенті бар Президенттік формаға көшеді;

– Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі;

– Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметші, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ;

– Қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне алады;

– Өлім жазасына тыйым салынады. Ешкімнің адам өмірін қиюға құқығы жоқ;

– Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылады;

– Сенаттағы президенттік квота қысқарады, мәжілістегі ҚХА квотасы жойылады;

– Мажоритарлық жүйе депутатты сайлаушылардың қалауы бойынша шақыртып алуға мүмкіндік береді;

– Жоғары есеп палатасын құру;

– Адам құқықтары институттарын нығайту;

– Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін тағайындау тәртібін өзгерту;

– Тұңғыш Президенттің ерекше рөлі мен артықшылықтары туралы ережелер алып тасталады.

Аталған өзгерістерді тереңірек талдайтын болсақ, бірінші кезекте, халықтың сайлау, шешім шығару құқығының жаңа көрінісі ретінде мәслихат депутаттарының рөлі күшейтілгенін айту керек. Енді халықтың ресми өкілдерінің жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіріліп, облыс, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерді қызметтен босату тетігі қарастырылды. Бұл өзгерістер әкімдердің іске жауапкершілікпен қарап, халыққа шынайы қызмет етіп, үнемі есеп беруіне негіз болады деп есептейміз.

Сенат жұмысы Мәжіліс қабылдаған жобаларға келісім беру я болмаса бермеумен шектелді. Яғни төменгі палатада қаралған нормаларды Сенат қайта қарап талдамайды. Барлық Конституциялық заңдар Мәжілістің қарауынан өтеді. Бұл аралас сайлау жүйесі бойынша сайланған таңдаулы депутаттық корпусты қалыптастырып, күшті Парламент институтын дамытып, халықтың сайланбалы органға сенімін күшейтіп, халықтың қоғамға көзқарасы өзгереді, қоғамдық тәртіптің деңгейі жоғарылайды, болашаққа деген сенім артады.

Бұған дейін шетелдік азаматтар мен компания өкілдеріне жер сатылмасын деген халықтың пікірі ұдайы естіліп тұратын. Конституциялық өзгерістерден кейін «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі» деген тайға таңба етілгендей көрсетіп, жер халықтыкі екені айқындалды. Жер халықтың негізгі ресурсы әрі байлығы ретінде бағаланатын болады.

Ендігі ең маңызды қадам референдумнан бастау алған осы өзгерістер мен бастамаларды құзырлы органдар уақытында сапалы орындап, халық бақылаушылық белсенділігін арттырғаны абзал. Сонда елдегі демократиялық құндылықтар шынайы іске асып, заң нормалары қоғам үшін қызмет ететін болады.

Үнзила ШАПАҚ,
ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты

МЕРЕЙЛІ КҮНГЕ ҚҰРМЕТ

Алматы ауданы әкімдігінің қолдауымен аталған аудан ардагерлерінің ұйымдастыруымен «Қазақ елі» монументінің жанында Қазақстан Республикасының Конституция күніне арналған «Менің Қазақстаным» атты флешмоб өтті.

Шапағат ӘБДІР

Бес жүзге жуық ардагер қатысқан флешмобта Астана ардагерлері өздерінің Отанға деген құрметін көрсету мақсатында қыран бүркіт және күн формасында жиналып көрініс шығарды және де патриоттық әндер айтып, би биледі.

Сондай-ақ ұйымдастырушылар аталған іс-шараның басты мақсаты – көпшілікті бірлікке, елдікке ұйыстыратынын айтып өтті.

– Ата Заң күніне орай ұйымдастырылып жатқан бұл флешмобқа ардагерлеріміз атсалысып жатыр. Жалпы біздің Ата Заңымыздың тарихы тым арыда. Бұл Заң Президент Қ.Тоқаевтың басшылығымен Әділетті Қазақстан құруға, елде демократия негіздерін орнықтыруға бағытталған. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп батыр Бауыржан Момышұлы айтпақшы, заңмен жүрген адам да, ұлт та азғындамасы анық. Сондықтан да Ата Заң күні біздің еркіндігіміздің, қоғамдағы әділдік пен ақиқаттың салтанат құратын күні деп бағалауға болады. Бұл – Әділетті Қазақстанның ортақ мерекесі, – дейді Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин.

Ал іс-шараның басы-қасында жүрген зейнеткерлер адамдарды бір жерге, бір идея төңірегінде топтастырудың да оңайға соқпайтынын айтады. Сондай-ақ мұндай іс-шаралар патриоттық сезімді оятып, жастардың елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыруына септігін тигізетіндігін жеткізді.

– Бүгін астаналық ардагерлер ұлттық киім киіп, «Қазақ елі» монументінің алдына жиналып жатыр. Мұндағы мақсатымыз – Конституция күніне орай ұлттық санамызды жаңғырту. Жастарға тәрбиелік мәні бар жиналыс ұйымдастыру. Сондай-ақ «Жаңа Қазақстанның» жаңашылдығына зейнеткерлеріміздің де ілесе алатындығын дәлелдеу. Бүгінгі іс-шараға қатысушылардың көбі – салауатты өмір салтын ұстанған ардагерлер. Олардың осында жиналып, белсенділік танытуының өзі өмірге деген сауатты көзқараста екендіктерін айғақтайды. Сондықтан да мереке құтты болсын. Жастарымыз қарттарымыздан үлгі алып, Отан үшін аянбай еңбек ете берсін дегім келеді, – дейді ардагер ұйымдастырушы Раушан Исқақова.

Аталған флешмоб биыл үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Бірінші жылы 100-ге жуық, екінші жылы 300-ге таяу ардагерлердің қатысуымен өткен бұл флешмобқа 500-ге жуық адам қатысты.

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Конституциялық Сотқа азаматтардан 2000-нан астам өтініш келіп түсті.

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС НӘТИЖЕГЕ БАСТАЙДЫ

Өтініштерді талдайтын болсақ:

– Заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің не олардың жекелеген ережелерінің Конституцияға сәйкестігін тексеру туралы – 25,2 пайыз (2023 жылы – 25 пайыз).

– Сот актілерімен келіспеу туралы – 18,7 пайыз (2023 жылы – 42 пайыз).

– Қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы – 14 пайыз (2023 жылы – 5 пайыз).

– Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне шағыммен – 83 өтініш (2023 жылы – 59).

– Заңнама нормаларын түсіндіру туралы 81 өтініш (2023 жылы – 69) және басқа да мәселелермен жүгінді.

Ең көп өтініш Астана (386) және Алматы (229) қаласының, Ақмола облысының (175), Қарағанды облысының (152) және Шымкент қаласының (124) тұрғындарынан келіп түсті.

Қазір ел азаматтарының 112 өтінішін Конституциялық Сот Аппараты қарауда.

2024 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша Конституциялық Сот 39 шешім шығарды, оның ішінде азаматтардың Конституцияға сәйкестігін тексеру туралы 7 өтініші бойынша судьялар Үкіметке және уәкілетті органдарға заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдармен қорытынды шешімдер қабылдады.

№103-104 (4692) 29/08/2024 Бейсенбі

29 ТАМЫЗ – ЯДРОЛЫҚ ҚАРУҒА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ

ҒАСЫР ҚАСІРЕТІНЕН ҚҰТҚАРҒАН ҚАДАМ

«Ядролық қарусыз әлем құру – бұл еліміздің аса маңызды басымдық берген бағыты. Осы ұмтылыс қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол бізге ядролық қаруды жоюға қатысты жаһандық қозғалыстың алғы шебінде болуға моральдық құқық берді».

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 74-сессиясында сөйлеген сөзі

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Биыл Семей полигонының жабылғанына 33 жыл, Қазақстанның ядролық қаруды таратпау туралы шартқа және Атом қуаты халықаралық агенттігіне қосылғанына 30 жыл толды. Сондай-ақ Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру туралы шарттың күшіне енгеніне де 20 жылға жуықтады. Атом алапатынан бас тарту, ядролық қарусыз ел құру жағындағы Қазақстанның бұл қадамдары елімізді антиядролық қозғалыстың жаһандық көшбасшысына айналдырды.

Хиросимадағы жарылыстан бастап есептесек, адамзаттың ең алғашқы ядролық қарудан зардап шеккеніне биыл 80 жылға таяды. АҚШ-тың атом қаруын жасауы және оны 1945 жылы шілде айында сынақтан өткізіп, тамыз айының басында Жапонияға тастауы әлемдегі атом дағдарысына және ірі елдердің атом қаруын жарыса жасауына мұрындық болды.

АҚШ алғашқы атом қаруын қолданғаннан кейін АҚШ пен қара таласып келе жатқан Кеңес Одағы да ядролық қаруға ие болуға бар күшін салады. 1946 жылы ғалым Юлий Харитон алғашқы кеңестік атом бомбасын құрастыру мақсатында тактикалық-техникалық тапсырма әзірледі. Осы жылы үкімет шешімімен атом қаруын өңдеу және құрастыру жөніндегі алғашқы орталық ашылды. Осыдан кейін көп өтпей, Кеңес ядролық полигоны КСРО Министрлер кеңесінің шешімімен 1947 жылдың 21 тамызында Семей қаласының батысына қарай 170 шақырым қашықтықта құрылды. 1948 жылдың жазында алғашқы өндірістік атомдық реактор құрылысы аяқталды. 1949 жылдың 29 тамызында Семей полигонында ядролық қарудың ең алғашқы сынағы өткізілді. Міне, осы күннен бастап қазақ халқы да атомның зардабын тартты. 1953 жылдың 12 тамызында термоядролық қару, 1955 жылдың 22 қарашасында А.Сахаров құрастырған алғашқы сутегі бомбасы жарылды. 1962 жылға дейін сынақтар жер бетінде өткізілсе, 1963 жылдан бастап, жер астына көшірілді.

Деректерді саралағанда, 1949 жылдан 1991 жылға дейін Қазақстанда 500-ге жуық сынақ жасалып, сынақ алаңымен шекаралас аудандардағы халықтың денсаулығына, экологиялық ортаға орасан зор зиян келтірілді. Бірақ қызыл империя жергілікті халықтың бұл жағдайымен санасқан жоқ, 1963 жылы атмосферада, суда және ғарышта атом қаруын сынауды тоқтату жөніндегі келісімшартқа қол қойылса да, шарт талаптары орындалған жоқ. Керісінше атом сынағы бейбітшілікке бағытталған, халыққа, қоршаған ортаға зияны жоқ деген екіжүзді сұрқия саясат ұстанып, жасырын сынақтарын жалғастыра берді. Міне, осы жағдайға байланысты Қазақстан КП Семей облыстық комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы, мемлекет және қоғам қайраткері Кешірім Бозтаев 1989 жылы 20 ақпанда Мәскеуге, СОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Михаил Горбачевқа хат жазып, Семейдегі атом полигонын жабуды талап етсе, сол жылы 26 ақпанда Қазақстандағы ядролық жарылыстарға қарсы «Невада – Семей» антиядролық қозғалысы басталып, оны ақын Олжас Сүлейменов басқарды. Бұл бастама бүкіл әлем халқынан қолдау тапты. Осы қозғалыстың ықпалымен 1991 жылы 29 тамызда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. 2009 жылы БҰҰ 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күн ретінде декларация қабылдады. ҚР Үкіметі 2019 жылғы 3 шілдеде №467 қаулы шығарып, 29 тамыз елімізде Семей ядролық полигонының жабылу күні ретінде атап өтуді ұйғарды. Біздің бұл күнді айрықша әспеттейтініміздің сыры, міне, осында.

Қазақстан Республикасы дүниежүзілік тарихта жойқын ядролық полигонды жапқан және жаппай қырып-жою қаруынан өз еркімен бас тартқан алғашқы мемлекет саналады. Семей ядролық полигонының жабылуы қазақ халқы қырық жыл күткен тағдыршешті шешім еді. Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігінің статистикалық мәліметтеріне жүгінсек, Семей полигонындағы атом бомбасы қаруын сынақтан өткізу салдарынан 1,5 миллион адам зардап шеккен. Семей қаласы мен оның төңірегінде онкологиялық аурулармен ауру көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 263,3 адамды құраса, ұлттық көрсеткіш 184-ке жеткен.

Семей полигонында әуеде және жер бетінде өткізілген сынақтардың ядролық зарядтарының жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. Ең аяныштысы, ядролық жарылыстар туралы халыққа 1953 жылдан бастап қана ескертіле бастады. Осы жарылыстың салдарынан Семей өңіріндегі тұрғындар түрлі ауруға ұшырап, сол сырқаттың қасіретін әлі де арқалаумен келеді. Бұл сырқаттардың тұқым қуалайтыны ғылыми түрде дәлелденді, оның қасіреті 300 жылға дейін созылуы мүмкін деген болжам да бар. Сондай-ақ Семей полигонына жақын аудандарда жетілуінде әртүрлі ауытқу, тәндік және естік кемшіліктер бар сәбилер дүниеге көп келді. Мамандардың айтуынша, соның бәрі қысқа мерзімді және қалдықты радиацияның кесірінен болатын генетикалық мутациямен байланысты. Сынықтан адамдар ғана емес, жан-жануар, жер де азап ауыр шекті. Жылма-жыл радионуклидтердің жинала беруі жердің құнарлығын азайтады. Жетпісінші жылдарға дейін зарядтар салынған штольнялар мен скважиналардың түптері мен шығар ауыздары дұрыстап бетон қақпақтармен жабылмаған. Соның салдарынан улы инертті газдар, ауыр металдар, басқа да радиациялық заттар жер бетіне жайылып, ауаға тарап жатты.

Қазақстан Семей полигонын жапқаннан кейін, көп ұзамай ядролық қарудан да өз еркімен бас тартып, бүкіл әлемге үлгі болды. Яғни Семей атом сынақ алаңын жабу, ядролық қарудан бас тарту тәуелсіз Қазақстанның әлемге оң қырынан танылуына үлкен мүмкіндік берді. Біріншіден, Қазақстан кеңестік әскери машинадан мұраға қалған әлемдегі ең ірі ядролық қару-жарақ арсеналдардан өз еркімен бас тартты. Ел ішінде ядролық қаруды сақтауды жақтаушылар болғанына қарамастан, халықаралық қауіпсіздікті нығайту үшін бұрын-соңды болмаған қадам жасалды. Қазақстан әлем тарихында ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан алғашқы мемлекет болды. Екіншіден, Семей ядролық полигонының жабылуы әлемдегі басқа да ядролық полигондардың жабылуына бастама болды. Қалған төртеуі – Ресейдегі Новая Земля, Муруроа атолласы (Франция), Қытайдағы Лобнор көлінің маңы және АҚШ-тың Невада штатына – аталған мемлекеттер тарапынан мораторий жарияланған. Үшіншіден, Қазақстандағы қалған ядролық қондырғылар мен ядролық материалдардың қауіпсіздік режимі қамтамасыз етілді, содан кейін атомды бейбіт мақсатта пайдалану мүмкіндігі қайтадан қалпына келтірілді.

Демек, ядролық қарусыз әлем құру – әлемдік дамудың қажеті. Қазіргідей дамыған дәуірде жаппай қырып-жою қаруы мемлекет қауіпсіздігінің бірден-бір кепілі емес. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздің ядролық қарусыз мемлекет құру бастамасы алқауға, қолдауға татитын тамаша таңдау деп айтуға болады.

Қазақстан ядролық қарудан бас тартып, ядролық қарусыз әлем құруды қуаттағанымен, әлем адамзатқа апат әкелетін алапат қарудан әлі күнге дейін толық бас тарта алмай келеді. БҰҰ мәліметінше, бүгінде ядролық қаруға ие 10 мемлекетте 15 мың ядролық қару сақталуда, оның жүзден астамы санаулы минуттардың ішінде іске қосыла алады. АҚШ, Ресей сияқты елдер ядролық оқ тұмсықтарының санын азайтқанымен, әлі де көп мөлшерін сақтап отыр. Халықаралық қатынастардағы қақтығыс әлеуетінің артуына және қаржы-экономикалық қайшылықтардың күшеюіне байланысты ахуал шиеленісіп кетті. Иран мен Солтүстік Кореяның ядролық бағдарламадан толық бас тартпауы, «Ядролық қаруларды кеңейтпеу туралы шарттың» да тығырыққа тірелуі, кейбір елдердің атом қаруымен төңірегіне сес көрсетуі, ішінара елдердің ядролық қаруға ие болу жағындағы талпынысының күшеюі әлемдегі ядролық қауіпсіздік мәселесін айтарлықтай күрделенді.

Украина соғысы да ядролық қарудан өз еркімен бас тарту қадамының дұрыс-бұрыстығына болған күдікті де күшейтті. Өйткені Украина да Қазақстан сияқты атом қаруынан өз еркімен бас тарып, Будапешт келісімін жасасып, алпауыт елдерден «саған жау тисе, біз қорғаймыз» деген ант алған ел еді. Бүгінде украиналықтар сол уәде берген елдің өзімен соғысуға мәжбүр болып отыр. Оның үстіне, Ресейдің «ядролық қару қолданам» деп тұтас әлемге сес көрсетуі де әлем халқының ядролық қарусыз әлем құру сеніміне де селкеу түсірді.

Дейтұрғанмен, әлемде жүйелі тәртіп орнатып, адамзатқа апат әкелетін жойқын қарудан бас тарту және оның таралуының алдын алу адамзаттың басты міндеті болып қала береді. Өйткені бейбіт мақсатта пайдаланса, адамзатқа бақыт, байлық әкелетін, қару ретінде қолданса, қасіретке батыратын екі жүзді қанжар секілді бұл мәселені қашанда әлемнің тыныштығы мен бейбіт дамуы үшін пайдаланғаннан тиімді жол жоқ. Ерте ме, кеш пе, адамзат әлемі осы қадамынан басқа таңдау жоқ екенін де жете түсінеді. Былайша айтқанда, әлем атомға емес, түсіністікке, мейірімге зәру. Міне, осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның ядросыз әлем құру бастамасы бүгінгі күн үшін де, болашақ үшін де үлгі тұтар игілікті қадам деп айтуымызға әбден болады. Осы тұрғыдан алғанда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Бізге ядролық қару қажет емес. Себебі біз Ядролық қаруды таратпау туралы шарт пен Ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы шартқа қосылдық. Біз осы халықаралық құжаттар аясындағы міндеттемелерге адал болып қала береміз» деген сөзі еліміздегі 20 миллион халықтың ортақ пікірі, мызғымас ұстанымы болмақ.

> Деректерді саралағанда, 1949 жылдан 1991 жылға дейін Қазақстанда 500-ге жуық сынақ жасалып, сынақ алаңымен шекаралас аудандардағы халықтың денсаулығына, экологиялық ортаға орасан зор зиян келтірілді

№103-104 (4692) 29/08/2024 Бейсенбі

ЖҮСІПБЕК МӘШҺҮР ЖҮСІПКЕ НЕ ДЕП ЖАЗДЫ?

XX ғасырда Баянауыл топырағынан ұлт рухаияты мен мәдениетінің ілгерілеуіне үлес қосқан бір топ тұлға шықты десек, оларға ағалық қамқорлығын көрсетіп, бағыт-бағдар беруде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының орны ерекше. Жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың Мәшһүр Жүсіпке жазған хаттарынан осындай ілтипатты тануға болады.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Жүсіпбек «Хатыңызды алдым» деп бастайды. Хат мазмұнын бүгінмен сараласақ өте құнды, бірнеше ғылыми жұмысқа арқау болатыны анық.

Көрнекті Алаш қайраткері «Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіздің құлашыңыз ұшып, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарытпайды, тосыңсытады, күні өткен жат адам қылады» деп сөзбен ақынның портретін сомдайды.

Жүсіпбек хатында ақын Сұлтанмахмұттың мұраларын жинастырып, Құраннан қалыңдау кітап шығару үшін баспаға бергенін баяндайды. Жүсіпбек ақын сиясы кеппеген жаңа туындысын хатқа қоса салып, жібергенін «мен өзімнің сырымды, ойымды корсеткендей «Шернияз» деген театр кітабымды сізге арнап почтаға салдым. Былтыр бәйгеге қосқан кітабым еді, бірден соңғы бәйгені алдық. Оқып көріп, пікіріңізді жазарсыз» деп айтады.

Жазушы «Амандығыңызға тілеулес мұғалім ініңіз Жүсіпбек» деп хатты аяқтайды. Ең соңында «...Суретіңіз сақтаулы, балалар сау» деп хатқа нүкте қояды.

Жалпы осы хаттан көп нәрсені түйіндеуге, ғылыми жол іздеуге болады. Мысалы, Жүсіпбек қолындағы Мәшекеңнің суреті сақталды ма, әлде репрессия заманында бірге жойылды ма? Ақынның құнды мұралары Жүсіпбектің қолына жетті ме? Жетсе Ж.Аймауытұлы оны баспа беттеріне шығарды ма, болмаса жеке кітаптар ретінде дайындалды ма? Міне, бұл сұрақтар болашаққа өзекті етер жеке зерттеу болатын шығар. Тарихи тұлғалар арасындағы хаттарды зерттеу – маңызды міндеттің бірі. Өйткені хаттардан сол заманның тыныс-тіршілігін, саяси және қоғамдық өміріндегі жағдайларды білуге болады.

Әр адам – өзінше біртұтас сырлы әлем. Оның өмірінің әр кезеңі – қат-қабат қайталанбас хикая, таусылмайтын әңгіме. Мәрия мен Сауытбектің бірге асқан өмірлік бел-белестері бейне кино көріністеріндей көз алдыма келіп, бір естеліктен бір естелікке ұласты.

МЕЙІРІМ ШУАҒЫ

Студент кезеңде Мәрия Қайыржанқызы өзіміз сияқты Алматыда Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде, бірақ бізден екі курс төмен және орыс бөлімінде оқыды. Зәуре деген құрбысы екеуі үнемі жұп жазбай бірге жүретін. Екеуі де ажарлы бойжеткен, жігіттердің ойы кеткен бұла шақ. Мәрия мен Сауытбек екеуі ұғысып, отау құруға уағдаласқан кезде бәріміз де оқу бітіріп, еңбек жолымызды бастап жіберген едік. Бұл 1978 жыл. Қазан айының басында Сауытбек күйеу жігіт, мен күйеу жолдас, Заманбек қосшы үшеуміз қалыңдықты алып қайтуға Павлодарға жол тарттық.

Әлқисса, қыздың аты – Мәрия, туып-өскен өңірі – Павлодар, ауданы – Успен, ауылы – Успенка. Оқыған оқуы – орысша. Осыны ойлағанда орыс рухы тереңдей сіңген елге бара жатқан жоқ па екенбіз деген сұрақ көкейімде тұрды, бірақ сыртқа шығармадым. Ғашықтық дертінің емі – тәуекел!

Сауытбек Абдрахманов сол кезде «Социалистік Қазақстан» (қазір «Егемен Қазақстан») газеті редакциясының қызметкері еді, кейін ол осы газеттің ұзақ жылдар басшысы болды. Павлодар қаласы әуежайында ұшақтан түскен бетте газеттің Павлодар облысындағы меншікті тілшісі Ожан Қалиев ағамыз сол замандағы жеңіл көліктің төресі – жарқыраған ақ сұр «Волганы» алдымызға тартты. Көп кідірмей қызды ауылға суыт жүріп кеттік. Содан бері 46 жыл өтіпті. Сауытбек пен Мәрияның отбасында, жалпы қоғам өмірінде қаншама бірінен-бірі өткен елеулі оқиғалар болды. Жас келіншек Мәрия асқан бел-белестер – келін, жеңге, абысын-ажын, ана, құдағи, әже сынды сындар, Мәрия солардан сүрінбей келе жатқан сүйікті жар, қамқор ана, тілеуқор отанасына айналды. Ағайын-туыс, дос-жараның көңілін тапқан қадірмен. Осы тізіп шыққан бел-белестің әрқайсысына тоқталсам мақала аздық етер еді. Сондықтан мен келтірер қадау-қадау мысалдар Мәрия құрбы-достың адамгершілік, азаматтық болмысын тануға мүмкіндік берер деп ойлаймын.

Адам өмірде мамандық таңдауда және өмірлік отбасылық сынарын таңдауда қателеспеуі тиіс деген сындарлы қағида бар. Бұл ретте Сауытбек пен Мәрия бір-бірін тауып қосылған деп оларды білетін барша жұрт бірауыздан айтады. Мәрияның күйеуінің, отбасының ғана емес, қайын жұртының да қамын жейтін, екі тарапқа да мейірбан болмысы ең әуелі – өзінің отбасында анасы Шәукен апайдан, жеңгелері Сәуле мен Ғалиядан сіңген тәрбиесі. Екінші – енесі Сайыпжамал апамыз бен Сауытбектің аяулы ағасы Батырбектің зайыбы, яғни абысыны Тәжігүлдің де өнегесі, басқа да өмірде араласқан абысын-ажын, құрбы замандастардан аңғарымпаздықпен көргені, көңілге түйген тәжірибесі. Мәрия өзінің естелік мақалаларында өз ортасы осы кісілер туралы сондай елжірей еске алып, осындай кең пейіл ізгі ортаға түскеніне ризашылық шын көңілімен жазады. Сауытбектің іні-қарындастары студент кездерінде бұлардың ақжайлау үйіне қона жатып, еркін кіріп-шығып жүрер еді. Әсіресе әйелдің екі тарапқа да мейірбан болуы отбасының берекесі де, мерекесі де. Сауытбектің анасы Сайыпжамал апамыз Алматыға балаларына қонақтап келген бір сапарында Мәрия келінінің көңіліне, қызметіне риза болып, қайтарында: «Балам би болсын, би болмаса би түсетін үй болсын» деп батасын беріп аттанған екен. Сауытбек би де болды, Мәрияның кең дастарханы олардың шаңырағын билер түскен үйге де айналдырды.

Кімді де болса мұратына жеткізер талап, талант және еңбек. «Талапты ерге нұр жауар» дейді халқымыздың даналығы. Сауытбекпен жарты ғасырдан астам достық қарым-қатынасымызда осы қағиданың куәсі болып келемін. Бұған қоса айтарым – Сауытбектің мақсаткерлікпен іздене әрі жемісті еңбек етуіне Мәрияның жағдай жасай білген аялы қамқорлығы. Сауытбектің күнделікті күйбеңнен жоғары тұруына, үлкен мақсаттары жұмысбастылық тасасында қалып қоймауына Мәрия үнемі септігін тигізіп келеді. Мұның бір мысалын бұған дейін Сауытбек досым туралы жазған мақаламда келтірген едім, соны тағы да қайталай кетсем артық болмас. Өйткені бұл жайды Сауытбектің өзі де сүйіне еске алып қояды.

Бірде Мәрия Сауытбекке «ғылым докторлығы атағынды қашан қорғайсың, уақыт шіркін кетіп барады» деген астарлы сұрақ қояды. Бұл сұрауға Сауытбек таңырқай, «ол үшін алдымен кандидаттық қорғау керек қой» деп жауап қайтарыпты. «Ее, оған шамаң келетінін білем ғой, мен түпкі мақсатты айтып отырмын» дейді Мәрия қуақылана. Жарының осылай аялай қамшылауы Сауытбектің ғылыми ізденіске ден қойып, бұл күрделі шаруаны ересен еңсеруіне түрткі болды. Оның ғылым докторлығы атағын алуға арналған жұмысы Ғылыми кеңесте мақұлданып қана қоймай, «қазақ әдебиеттануына қосылған сүбелі үлес» деп танылып, зор бағаланды. Нәтижесінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сауытбек Абдрахмановтың шоқтығы биік: А.Пушкин шығармаларын қазақшалау мысалында қазақ көркем аудармасының теориясы мен тәжірибесін байыта түскен іргелі ғалым – филология ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының құрметті мүшесі, әдебиет саласынан Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері – көрнекті қаламгер, ондаған кесек-кесек туынды кітаптың авторы. Бұлар – оның ғылымдағы, шығармашылықтағы жетістіктері. Қызмет мансабы да үнемі өсіп отырды: Үкімет мүшесі – министр, «Егемен Қазақстанды» ел газетіне айналдырған басшы – президент, екі мәрте Парламент Мәжілісінің депутаты, абыроймен атқарған басқа да іргелі қызметтер Сауытбекпен көрікті болды. Осының бәріне аяулы жардың дер кезінде айта алған аялы бір ауыз сөзі сеп, қалғаны – Сауытбектің ерен еңбекқорлығы. Мәрия жары Сауытбегі қажыса қайрап салар қайрақтасы, бойкүйездік қылаң берсе қайрат берер бапкері бола алды. Бұл күнде Сауытбек қазақ зиялы қауымында айтар сөзі, алған орны, қадір-қасиеті бар кесек тұлға. Бұл жетістіктер, әрине, Мәрияның да мерейі.

Мәрия өзі ұшқан ұясында көргенін қонған ұясы – отбасында істеді. Балаларына қазақы тәрбие беруге тырысты. Тілдері шығып, айтқанды ұға бастағаннан оларға әрдайым қазақша ертегі, танымдық кітаптар оқып беріп, тыңдауға, келе-келе өздері де кітап оқуға ынталы болуға үйретті. Алматыда қазақ мектептері аз кезде төрт баласын да қазақ мектептеріне берді, оқуларын қадағалады, түрлі үйірмеге қатыстырып, қабілетін ашты.

Бұл күнде Сауытбек пен Мәрияның Асқар, Әлия, Әсел, Әнуар атты ұл-қыздары өмірден өз орындарын тапқан. Жоғары оқу орындарын бітірді, еңбекке араласты, отау құрды, ата-аналарын қадірменді құда-жекжатты, сүйікті ата-әже етті. Адамның бір қызығы бала – ата-ана үшін бұл үлкен мерей.

Асқар жиырманың ішінде ғылым кандидаты атағын қорғады, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде комитет төрағасы жауапты қызметінде болды, қазір Парижде (Француз Республикасы) орналасқан Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының және басқа да халықаралық ұйымдардың жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілі, елшілік қызметте. Әнуары танымал спорт журналисі. Әселі Mastercard компаниясының Орталық Азия бойынша бизнесті дамыту жөніндегі директоры. Әлиясы анасына тартқан отанасы.

Мәрия осының бәріне өзі де еңбектен қалмай үлгерді. Алматыда Қазақ мемлекеттік университетін бітірген соң жолдамамен Павлодар облыстық телестудиясына барып, оның Екібастұздағы меншікті тілшісі болып жүргенде Сауытбекпен отасқан соң, Алматыда «Қазақстан» баспасында редактор, аға редактор, Астанада «Елорда» баспасында аға редактор болып жұмыс істеді. 2001 жылы «Онжылдықтың үздік редакторы» атанды.

«Бір ел – бір кітап» республикалық шарасы аясында 2013 жылы Қазақстанда ақиық лирик ақын Фариза Оңғарсынованың жыр кітабын оқу ұсынылды. Мен ол кезде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамында бас менеджер болып істейтін едім. Бір міндетім – қоғам қызметкерлеріне қазақ тілін үйретуді ұйымдастыру, соған орай жыл сайын оны тоғыз ай оқытып, емтихан алу, тілді меңгеру машығын арттыру үшін қазақ тілін білу бойынша конкурс өткізу жолға қойылған, нәтижесін бере бастаған болатын. Міне, осы ісімізді «Бір ел – бір кітап» шарасымен ұштастыруды ойластырып, қазақ тілін білу конкурсы сол 2013 жылы Фаризаның туған елі Атырауда өтетін болып ұйғарылды. Атырау облыстық әкімдігі ұсынысымызды құлшына құптады, ұйымдастыруға белсене атсалысты. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының оннан астам облыста орналасқан бөлімшелерінің қазақ тілін үйреніп жүрген екі жүздей қызметкері Атырауға жиналды. Бұл шараға ақын апамның өзі қатысуы тиіс еді, бірақ ол кісі ауыр науқастанып ауруханада жатты. Бара алмайтын болды. Апайдың қасында өзімен рухани жақын екі сіңлісі бірге болса дегенді жоспарлағанбыз. Таңдауды апайдың өзі айтуы тиіс. Фариза апай бірден айта қоймады. Уақыт жақындап қалды. Қонақтарға ұшаққа билеттер, қонақ үйден орындар, шараларға қатысу бағдарламасын дайындауымыз керек. Ол кісімен телефонмен бір сөйлескенімде өзіне осы жақын-ау деген ақын, өнерпаз сіңлілерінің бірсыпырасын атадым, ешқайсысын құптамады. Бір кезде есіне түсіргендей болып Сауытбектің әйелі Мәрияны және ақын, әнші, сазгер Елена Әбдіқалықованы шақырамын, соларға хабарласыңдар деді. Ақын емес Мәрияны таңдағанына әуелде ептеп таңырқағанымммен, артынан Фаризаның Сауытбектің 60 жылдығына байланысты «Қазақ әдебиеті» газетіне 2011 жылы 4 қарашада шығарған «Парасат биігі» деген мақаласы есіме түсті. Сол сапарға Мәрия мен Елена аяулы Фариза апаларының құрметті қонақтары болып қатысты. Артынан 2013 жылғы 12 желтоқсанда Мәрияның «Казахстанская правда» газетіне «Родник Фаризы» деген бұлақтай мөлдіреген бір бет толғауы жарияланды. Көп ұзамай әзиз ақын Фариза бұл дүниеден өтті.

Фариза Оңғарсынова Сауытбек туралы сол мақаласында Мәрия жөнінде былай деп мейірлене жазды. «Қоғам өмірінен тыс тұлға қалыптаспайтыны сияқты жанұя да адамның бойына нәр беретін рухани тамырлы бәйтерек екені белгілі. Осы ретте Сауытбектің құдай қосқан сүйікті жары Мәрия Қайыржанқызы жайлы айтпай кетсек, дұрыс емес деп ойлаймын. Себебі ер азаматтың ең басты тәрбиешісі – әйел. Менің: «Өмірлік жарын дұрыс таңдаған азаматты сыйлаймын, еркектердің қадір-қасиетін әйеліне қарап бағалау керек» деп жиі айтатыным сондықтан.

